

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 1413 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы" 2004 жылғы 9 маусымдағы N 1382 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат, 2003 ж., N 12, 132-құжат; N 16, 160-құжат; 2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлықтың 1-қосымшасында:

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 573 оның ішінде аумақтық органдар 408" деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 27, 250-құжат; N 41, 427-құжат; 2004 ж., N 21, 267-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті